

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

А.Е. САДЕНОВА<sup>1</sup> Б.М. АЙТБАЕВА<sup>2</sup> С.Е. КАРЫБАЕВА<sup>3</sup> 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>  
(e-mail: [sadenovaa@mail.ru](mailto:sadenovaa@mail.ru)<sup>1</sup>, [beibarys@mail.ru](mailto:beibarys@mail.ru)<sup>2</sup>, [saj.e.k@mail.ru](mailto:saj.e.k@mail.ru)<sup>3</sup>)

## ТІЛ МЕНҒЕРТУДЕГІ ДИАЛОГТАРДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК ДИНАМИКАСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада шетелдік студенттерге қазақ тілін меңгертудегі диалогтардың деңгейлік меңгерту динамикасы туралы сөз болады. Қазақ тілін оқитын шетелдік студенттердің сөйлеуін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сөйлеуге үйретудің психологиялық мәселелері сөз болады. Сөйлеу үшін қажетті жайттардың арасындағы диалогтардың деңгейлік меңгерту мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Шетелдік студенттердің сөйлеуін белсендірудің тиімді жолдарын табу және оларды тілдік ортаға тез енгізу - қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертудегі негізгі бағыттардың бірі. Оқудың түрлі кезеңдеріне тиесілі түрлі әдістемелік ұсыныстар берілген. Айтылымның тілдік қана емес, сондай-ақ мазмұнды жағына да назар аударылады. Сөйлеуге үйрету үшін көрнекі нысандар, диалогтар мен полилогтарды қолдану ұсынылады. Мақалада ұсынылған жаттығулардың жүйесі ауызша сөйлеуді дамытуға көмектеседі. Мұнда ең алдымен айтылымның туындауы, оның коммуникативтік мәні мен тілдің нормасына сай келуі дамытылады. Диалогқа үйретуде бір жағынан репликалардың кезектесе алмасуына үйрету көзделсе, екінші жағынан жағдаяттың өзгеруі көрінетін қарым-қатынасқа түсуге, диалогтық сөйлеуге үйрету көзделеді.

**Түйін сөздер:** сөйлеу, диалогтық дискурс, диалогтардың деңгейлік динамикасы, уәждеме, жағдаят, диалог.

**Кіріспе.** Белгілі бір халықтың, ұлттың тілін үйренуде өзге елдің өкілі алдымен сол халықтың тіліндегі әлеуметтік қарым-қатынас ерекшелігіне назар аударады. Тіл үйренуді қарапайым қалыпты (стандартты) жағдаяттарды білдіретін диалогтар құрып, әлеуметтік белгілері бар сөздерден бастайды. Бұл, әрине, байланыс орнату, қарым-қатынасқа ұйытқы болу тәрізді өзіндік қызметі мен ерекшелігіне байланысты шетелдік студенттің тіл меңгеруге деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе. Аталған мәселені шешу үшін бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, тіл меңгеру үдерісінде белсенді оқыту формаларын қолдану керек. Мәдениетаралық тілдесімді жүзеге асыруда диалогты ұйымдастыру, жағдаяттарды, проблемаларды анықтап, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралдарын белгілеудің, қатысымға байланысты тіл үйренушілердің әрқайсысының мәртебесі, функциясын көрсетудің, сондай-ақ ресми және бейресми түрдегі диалогтық тілдесім әрекетін ұйымдастырудың жолдары қарастырылады. Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертудегі қарастырылып отырған диалог құрылымы меңгеру деңгейі бойынша жүйеленіп, коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі құрылымдық типтері ажыратылады. Тіл меңгерудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы рөлдік қатынасқа түсу арқылы өмірлік жағдаятты модельдеумен біртұтас пайдалану, тіл үйрену үдерісінің тиімділігін арттырады. Аталған жұмыстар шетелдік студенттердің білімін көтеріп, сөйлеуге, тыңдауға

ынталандырады, сонымен қатар, студенттердің өздерінің мүмкіндіктеріне сенімін нығайтады.

Сөйлеу үшін қажетті жайттардың арасындағы диалогтарды деңгейлік меңгерту мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Диалог арқылы адам өз өмірін басқалармен үйлесімді ұйымдастырады, ол жерде және оның көмегімен жеке тұлға басқа тұлғамен маңызды әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырады. Диалог адамдарды әрекетке итермелеуге, сенім арттыруға, білім беруге қызмет етеді. Біз білім беру ең алдымен білімді меңгеруге итермелеу ретінде түсіндіретін зерттеушілердің позициясын ұстанамыз, сенім баға мен идеяға итермелеу, басқаша айтқанда, диалог әрекетке итермелеуге қызмет етеді; әрекет диалог итермелейтін ішкі білімді меңгеру көзі. Сөйлеу тактикасының вербалды белгісі өзінің функционалды мағынасы бойынша интерактивті құрылым ретінде диалогты ұйымдастыруда интеракцияның нәтижелілігін байқауға болады, интеракция бойынша серіктестің мінезі арқылы диалогтың маңыздылығы көрінеді. Өзектілігі диалогтың тіл меңгертудегі деңгейлік динамикасын сипаттау болып отыр.

Диалогтың коммуникативті-интерактивтік табиғаты негізінде тіл меңгертудегі динамикасы зерттеліп отыр. Тіл меңгертуде сөйлеуге керекті жайттардың арасындағы диалогтың деңгейлік өсу динамикасына және оның компоненттеріне көңіл бөлінеді.

Құрылымдық тілдесу үдерісін белгілеуге қажетті тілдік құралдарды қолданудың коммуникативтік уәждерін ажыратады.

Тіл меңгеру үдерісіндегі диалог деңгейлік тұрғысынан қарастырылады. Тіл меңгерудегі орны анықталып, құрылымы, деңгейлік дамуы талданып, әрқайсысына сипаттама беріліп, қолданылу жолдары сараланады [1].

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін қазіргі таңдағы дискурс теориясы, мәтін лингвистикасы, диалог теориясы, лингвомәдени негіздері, тіл меңгеру теориясы бойынша еңбектер құрайды. Зерттеу әдістері талдау, синтез, жүйелеу, сипаттау, тұжырымдау болып табылады.

Диалогты қолдану арқылы тілдік коммуникативтік күзіреттілікті дамыту қазақ тілін меңгертуде өте тиімді болып табылады. Диалогтар – қабылдауға, ойлауға, еліктеуге және сөйлеу үлгілерін есте сақтауға бағытталып, шетелдік студенттерді белсенді айтылым әрекетіне жетелейді. Диалог үлгілерін қолдана отырып жүргізілген қазақ тілін меңгерту барысында шетелдік студенттерді өз ойы мен пікірін тұжырымдай алуы, сөйлеу машығы мен негізін меңгеруі, ойды сөзбен жеткізудің қатысымдық амалдарын игеріп, оларды күнделікті өмірде кездесетін шынайы жағдаяттарда жұмсай алуы жүзеге асады.

Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде меңгертудің әрбір деңгейі нақты практикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Ол – тілді алдымен элементарлық меңгеруді, кейіннен еркін меңгеруді қалыптастыру. Қазақ тілін меңгеру барысындағы деңгейлік жүйе бойынша диалогтық дискурстар узуальді-дәстүрлік бағыт бойынша ақпарат беру жағынан біртіндеп кеңейіп, грамматикалық формалардың, лексикалық бірліктердің күрделенуі бірізділікпен дами түседі. Бұл диалогтық дискурстарда жүйелі өзара байланыс болады, лингвоелтанымдық сипаттағы жүйеленген мәліметтерді кезеңімен меңгеруді қамтамасыз етеді.

Диалог түрінде сөйлеп үйретуде төрт деңгейді қолдануға болады: сөйлем деңгейі – бір-бірімен байланысты 2-3 сөйлемнен тұрады. Кең өрістелген диалог деңгейі – еркін әңгіме, талқылау, айтыс. Дискуссия деңгейі.

Дискурс құзыреттілігі сөйлеуді тудыру, белгілі немесе жаңа ақпаратты жеткізу, қабылдау, әрекеттің шынайы жалғасын қалыптастыру, себепті-салдарлы қатынасты, тақырыптық, байланыстылығы және логикасы, стилі, серіктеске әсер ету секілді үдерістерді қарастырады. Сонымен бірге диалогтық сөйлеуді құру, оқиғалардың айтылуы, жүйелі жазба мәтінді құру секілді әрекеттерді меңгеріп жатқан тілде яғни мәтін құрудың негізгі қағидаларын білуді талап етеді.

Тіл меңгерудегі диалогта шетелдік студент тыңдаушыдан өзіне қажетті істі орындалуын өтінсе, ал ол өз кезегінде шетелдік студенттің өтінішін орындауға дайын / дайын емес



екендігін білдіреді. Сөйлеудің бұл түрінде әрбір айтылған пікір сөйлеушіге бағытталады. Диалогта көтеріліп отырған тақырыпты ашу үшін ұдайы жұмыс жүреді және оған қатысушылардың түрлі көзқарастары, олардың өзара сәйкес келуі немесе керісінше бір-біріне қарама-қайшы болуы және т.б. жайттар кездеседі. Көптеген ғалымдар диалогтық мәтіннің пайда болуы үшін жағдаяттың жалпы сипаттамасы (қалыпты, тартысты), екі не одан да көп, жеке / ұжымдық, белсенді / баяу серіктестері әлеуметтік рөлдері жағынан тең / тең емес, серіктестердің достық / ресми сияқты т.б. тілдесу ахуалы хабарлама / ескертпе, әрі қарай нақтылауды талап етпеу сияқты тілдік қатынас мақсаты уақыт тапшылығы деген сияқты белгілер қажет [2, 69] деп көрсетеді.

Әңгіме басталған соң оған қатысушыларда екі бірдей міндет болады, біріншіден, сөйлеуші өз белсенділігін көрсетіп қарым-қатынасқа жаңа тақырып ұсынса, екіншіден, серіктестің көңілін оған аударуға әрекет жасайды. Диалог әңгімелесушілердің өзара біріккен әрекеттерінің жиынтығы, ол – сөйлеу мен тыңдап түсінудің өзара алмасып отыруының жемісі, сонымен бірге сөйлеушінің бірінен берілген тілдік түрткі келесі сөйлеушіден шапшаң және міндетті түрдегі тілдік немесе тілдік емес жауапты (реакция) талап етеді. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын және сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін жағдаяттылықты өзектілендіру үнемі алға тартып отыру аса тиімді [3].

Ұсынылған деңгей бойынша қазақ тілін меңгеруде алғашқы деңгейге диалогқа құрылымы жағынан қарапайым, аз сөзден тұратын сөйлемдер тән болып, содан да әрі қарай деңгей сайын күрделенген түрлері тіл үйрету материалынан алынып отырады. Әңгімеге түсушілерге толық сөйлемдер орнына эллипсистерді қолдануға жоғары мүмкіндіктер беріледі. Ал эллипсис сөзге өсіңкілік, мәнерлік және экспрессивтік сипат береді. Синтаксистік құрылымның ықшамдылығымен қатар, сұраулы және бағыныңқы құрмалас сөйлемдер, яғни монологқа тән репликалардың кездесуі де ықтимал. Тіл меңгерудің жалғастырушы, еркін сөйлеу деңгейлерінде диалогтық сөйлеуде жиі кездесетін көлемі жағынан едәуір үлкен, бір сөйлеушінің сөзінен туындайтын және бірнеше компоненттерден тұратын монологтық репликалар қолданылғаны абзал. И.И. Формановскаяның пікірі бойынша, «дискурстық өзара әрекеттесуді туғызатын қатысымдық жағдаяттар байланысты бекіту, оны қостау және тоқтату сияқты құрылымдық бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімде қаратпа сөз сәлемдесу мақсатында қолданылса, екіншісінде – айту (адресация) мен қабылдау (авторизация) құралдары, адамның ықыласын ояту мен қуаттау мақсатындағы қызығушылық, эмоциялық белгілер және т.б. жатады. Үшінші бөлімде әңгіменің қорытындысы шығарылады, кешірім мен қолдау іске асады», - деп түсіндіреді [4]. Диалогта стимул және жауап репликалардың қызметін атқара отырып, монологтық реплика серіктеске көңіл аударуымен, сондай-ақ өзінің алдында және кейінгі тұрған репликалармен мағыналық және синтаксистік тұрғыдан байланыстылығымен сипатталады. Р. Якобсон ұсынған болатын, ол мыналардың функцияларының жиынтығы түрінде көрінеді: адресант, адресат, мәнмәтін, хабарлау, байланыс (контакт), код [5, 22].

**Талқылау мен бақылау.** Диалогтың қатысымда қолданылуы, ортасына қарай топтастыру да ғылымда кездеседі. Солардың бірі В.Л. Скалкиннің топтастыруы. В.Л. Скалкин әлеуметтік-коммуникативтік ерекшеліктеріне қарай үш түрге бөледі: әлеуметтік диалог (социальный контакт), қызметтік сөйлесу (деловой разговор), еркін сөйлесу (свободная беседа). Әлеуметтік қатынас жасау тұрмыстық жағдайларда, ортада қолданылады [3]. Осылайша, тіл меңгеруде берілген дискурстың түрлеріне байланысты жағдаяттар, проблемалар анықталғаннан кейін тіл үйренушілердің мәртебесі және олардың коммуникативтік мақсаттары белгіленіп көрсетіледі. Сонымен бірге «әлеуметтік лингвистика саласы бойынша институционалдық дискурса» [7, 28] да назар аударылуға тиіс.

Диалогтық дискурс коммуниканттардың арақатынасының бір-біріне әсері арқылы құрылады. Диалог құрамында коммуниканттардың субъективтік пікірін бағалайтын дискурс қаралады. Диалогтық дискурста дүниенің тілдік бейнесі, әсіресе оның коммуникативтік-интерактивтік аспектісі, сөйлеу әрекетінің когнитивтік жағы айқын

бейнеленеді. Тіл меңгеру белгілі бір дискурстағы диалогтық айтылыммен басқарылады, диалогқа қатысушылардың мінез-құлқы дүниенің тілдік бейнесімен, коммуниканттардың жеке тілдік уәждемелік бағалауыштық және когнитивтік жақтарымен байланысады [8, 73].

Шетелдік студенттерді сөйлеуге үйретуде диалог құрудың маңызы зор. Өйткені диалогтың пайдалы жағы көп. Әрине, шетелдік студенттерге сұрақ қойып, жауап алу да жеңіл емес, бірақ осындай жүйелі жұмыс жүргізу шетелдік студенттерді өз ойын жеткізе білуге дағдыландырады.

Барлық деңгейлердің өн бойында диалогтық қатысымның білік, дағдысын қалыптастыру міндеті ең маңызды болып табылады. Сонымен бірінші деңгейде жеке репликаларды меңгеру, екінші деңгейде қарапайым репликаларды фразалардан жоғары бірліктерге біріктіреді, ал үшінші деңгейде кеңейтілген тұтас диалогтар құру іскерлігін меңгерсе, төртінші деңгейде еркін диалог, әңгіме жүргізе алатын деңгейге жетеді. Қазақ тілін екінші тіл ретінде өзге тілді шетелдік студенттерге меңгертудегі ең негізгі үдерістердің бірі – тілдік жағдаяттарды қарым-қатынастық жағдайға сай іріктеу, ұйымдастыру, меңгерту жұмысын тілдік қатысымдық тұрғыдан жүзеге асыру. Тілдік мақсатқа жетудің бір жолы – тіл меңгеру үдерісінде рөлдік қарым-қатынасты жүзеге асыру [9]. Өйткені рөлдік қарым-қатынас жасау арқылы инофон (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім) сияқты сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін меңгереді [10].

**Нәтижелер.** Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде меңгерудің (A1, A2, B1, B2) деңгейлік жүйесі негізінде қазақ диалогтарын әр деңгей бойынша ұсынамыз.

Қазақ тілін меңгеру барысында A1 бастапқы деңгейде шетелдік студенттер жеке сөйлемдердің құрылуын үйренеді. Дискурс құзыреттілігінің дамуы жалғастырушы деңгейде меңгеру мақсаттарының маңыздыларының бірі болып табылады. Шетелдік студенттердің дискурстық құзыреттілігін біртіндеп қалыптастыруын көрсететін шкалалардың мынадай аспектілері бар: сөйлеу жағдаятына үйрену дәрежесі, диалогқа кірісу, тақырыптың дамуы, бүтіндік және байланыстылық.

Күнделікті өмірде қарым-қатынасқа керекті, коммуникативтік міндеттерді шешуге қажет тілдік құралдарды, қарапайым сөйлеу жолдарын, сөйлеу үлгілерін жай және күрделі түрлерін меңгерту. Бұған ойлау мен оны тілдік құралдар арқылы айтуды мақсатты түрде іске асыру жұмыстары мүмкіндік береді. Ойды айтып жеткізу, ойдың кімге арналып айтылатыны, мазмұны, оған түрлі субъективті факторлардың әсер ететіні және қандай тілдік материалдарды пайдалану қажеттігі ескеріледі. Бұл кезеңде меңгерудің негізгі мақсаты – қарапайым түрде сөйлеу жолдарын (әрекетін) меңгерту.

A1-A2 деңгейлерінде шетелдік студент қарапайым фразаларды қолдана алуы тиіс, яғни жағдаятқа байланысты кейбір лексикалық элементтерді ауыстыра алады. A1 деңгейі бойынша диалогтар коммуникативтік бағыт негізінде болуы тиіс, жағдаяттар өмірден алынуы керек, табиғи сөйлеуге жақын болғаны жөн. Тіл үйренуді фразадан, жеке репликалардан, сөздерді сөйлем ішінде қызмет жасаушы мүше ретінде ұғынудан бастаған абзал. Алғашқы сөз қолданыс алғашқы диалогтың компоненті болып беріледі: мысалы, – *Бұл кім? – Бұл мен. – Бұл не? – Бұл кітап.* Осы тұрғыдан келгенде, өзге тілді аудиторияда тіл үйретудің алғашқы күнінен-ақ, қарапайым сұрақ-жауап арқылы инофон диалогтық сөйлеу жағдайына бейімделеді. Мысалы:

- *Сенің атың кім?*
- *Менің атым Ен Сон.*
- *Сен қайдансың?*
- *Кореяданмын.*
- *Сен кімсің?*
- *Мен студентпін. т.т.*

Бұдан әрі мәтінмен жұмыс істеу барысында да диалог толығы түседі.

Бірінші деңгейде шетелдік студенттер белгілі мөлшерде ең қарапайым коммуникация актілерін меңгереді. Соның негізінде олар белгілі коммуникативтік мақсаттарды жүзеге асырады. Тіл меңгертудің төменгі сатысы үшін ең қарапайым сөз үлгілері белгіленген

затты, қимылды атау, заттың сапасын, қимылдың мекенін атау, қимылдың бір затқа арналғанын білдіру т.б. Шетелдік студенттер әуелі негізгі сөз үлгілерін қолданып үйренеді, яғни хабарлы сөйлем үлгілерін айтып жаттығады.

*Бұл үстел (затты атау)*

*Ол оқыды (қимылды атау)*

*Бұл қызыл қалам (заттың сапасын атау)*

Негізгі сөз үлгісінің коммуникативтік варианттарын айтып, қолдануды меңгереді. Жалпы сұрақ, хабарлы сөйлем, сөйлемнің болымсыз түрі, арнайы сұрақ, интонация т.б. тақырыптар бойынша тіл меңгеру барысында жай сөйлем үлгілерімен танысады. Бұл аталған сөйлем үлгілерін меңгеру үшін шетелдік студенттер оларды жиі қайталап айтып отыруы тиіс. Осылайша шетелдік студенттер сөз үлгісін меңгере отырып диалог түрінде сөйлеуге дағдыланады. Дегенмен бұл деңгейлердің басты міндеті негізгі сөз үлгілерімен, олардың коммуникативтік варианттарын меңгерту. Шетелдік студенттерді әңгімеге тартатын, оның сөйлеуіне түрткі болатын реплика мен оған жауап репликасын құрайтын диалогтық бірлестіктің қыр-сырын игерту іске асады.

Сөйлеу әрекетінің компоненттері сөйлеуге қажетті (интенция) және нақты лексикалық материалмен жабдықталған синтаксистік конструкциямен кешенді түрде жүзеге асады, яғни осы кезеңнің тілдік әрекетіне керекті құрылымы ұқсас сөйлемдерді айта білу әрекеті іске асады. Сондықтан да сөйлемдерді бір конструкциямен, бірақ әр түрлі формада ұсынуға ерекше көңіл аударылады.

A1 деңгейіндегі минимумдарын белгілеуде инофонның сөйлем, қысқа мәтін құруына тірек болатын лексикалық, грамматикалық және коммуникативтік минимум көлемі ескеріледі. Бұл деңгейде білім тест арқылы анықталады және бағаланады.

A2 деңгейінде инофон қысқа әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтаудың қарапайым жолдарын қолдана алуы тиіс және серіктестердің көңілін өзіне аудара алуы керек. A2 бастапқы деңгейде тіл меңгеру барысында берілген жағдаят бойынша сұрақтарға жауап беріп, диалогтар құрып, сонымен қатар диалогтық сөйлесу барысында берілген жағдаятта этикеттік-узуальді фразаларды қолданып, қатысымды жүзеге асыра білуі керек.

Диалог түрінде сөйлеудің 2-кезеңінде серіктестердің сөзі арқылы қарым-қатынас жасауына назар аударылады. Диалог әр түрлі мақсатпен жүргізіледі: серіктесінен бір нәрсені білу үшін, онымен пікір алмасу үшін т.б. Осыған байланысты микродиалогтың мына түрлерін қолдануға болады:

а) Мәлімет-пікір, әсер алмастыру диалогы – мұнда пікірталас та, мәлімет алу да болуы мүмкін.

ә) Қозғау салу диалогы – диалогтың бұл түрі әр қайсысы белгілі бір коммуникативтік міндет атқарады.

б) Сұрастыру диалогында бір серіктес белсенділік танытып, сұрақтар қойып отырады да, ал екіншісі сұрақтарға жауап береді. Мұндай диалогтың үлгісі ретінде мына шағын диалогтарды келтіреміз.

Мысалы:

– *Сенің атың кім?*

– *Менің атым Ван Тиен.*

– *Сен қайдансың?*

– *Мен Қытайданмын.*

– *Сенің отбасың бар ма?*

– *Иә, менің отбасым бар.*

Пікір, әсер алмасу диалогында серіктестердің екеуі де белсенді түрде екі жақты қозғаушы реплика бұйрық райлы сөйлемнің басқа түрінде кездеседі. Жауап репликасы 2-3 сөйлемнің біреуі ғана қозғаушы реплика болады.

Мысалы:

– *Сен қайдансың?*

– *Мен Америкаданмын.*

- Сен кімсің?
- Мен студентпін.
- Мен де студентпін, сен қайда оқисың? т.б.

Қозғау салу репликасында өтініш беріледі. Мұнда қозғаушы реплика бұйрық райлы сөйлем арқылы, жауап реплика сөйлемнің кез келген коммуникативтік түрі арқылы беріледі.

Енді келесі деңгейлерде диалог біртіндеп кеңейіп, дами түседі.

Мысалы:

- Сәлеметсіз бе, Қайрат!
- Сәлеметсіз бе, Анар! Халіңіз қалай? Қандай жаңалық бар?
- Қалім жақсы, рақмет. Ешқандай жаңалық жоқ. Өзіңіздің қаліңіз қалай?
- Өте жақсы. Сіз оқисыз ба?
- Жоқ, жұмыс істеймін? Өзіңіз ше?
- Мен студентпін. Сіз қай жерденсіз?
- Мен Алматы облысынанмын. Сіз ше?
- Мен Қостанайданмын.
- Жақсы, көріскенше, сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

V1 деңгейінде инофон өзіне көңіл аудару үшін және таныс тақырыпқа дискуссияға қатысу үшін лайық фразаны тауып қолдана алуы қажет. Ол таныс немесе қызықтыратын тақырыптағы жай әңгімені бастап, жалғастырып, аяқтай алуы тиіс.

Үшінші деңгейге кеңейтілген тұтас диалогты меңгеру жатады. Бұл деңгейдің ерекшелігі мұнда диалог бастамасы, мысалы, сәлемдесу және оның соңын қоштау болады.

- Сәлеметсің бе!
- Сәлеметсің бе!
- Халің қалай, Дэвид?
- Жақсы, Жомарт, өзіңнің халің қалай?
- Жақсы, рақмет.
- Жомарт маған қазақстан тарихы туралы жазылған кітаптар керек еді. Сен маған көмектесе аласың ба?

– Әрине, көмектесемін. Менде Орта Азия жөнінде кітаптар бар. Егер қолың бос болса, үйге барып көрейік.

- О-о-о, жариды, жақсы, қолым бос. Барайық.
- Ендеше, кеттік.

Диалог түрінде сөйлеу әрекеттерін меңгерудің төртінші деңгейі – диалогты меңгерудің ең жоғары деңгейі. Мұнда шетелдік студенттер еркін әңгімелесіп, пікір таластырады және талқылай алуға үйренеді. Мысалы:

- Сәлеметсің бе, Айжан!
- Сәлеметсің бе, Арман!
- Айжан, сен опера театрында болдың ба?
- Жоқ, бірақ ол менің арманым.
- Менде екі билет бар. Барғың келе ме?
- Қандай қойылым болады?
- «Абай» операсы. Абай партиясын Ермек Серкебаев, ал Айдар партиясын Әлібек Дінішев орындайды.

- Ендеше міндетті түрде барамын. Қашан барамыз?
- Бүгін кешке.
- Тамаша!
- Қай жерде кездесеміз? Театрдың жанында сағат жетіде кездесейік.
- Жақсы.

V1 деңгейдегі диалогтардың берілуі бірінші деңгейге ұқсас келеді, мұндағы диалогтар кеңейтілген лингвоелтанымдыққа негізделеді.

Мысалы:

- Мин Кек, қандай оқу орындарын білесің?
- Мектеп, колледж, институт, университет, академия және тағы басқалары.
- Алматы қаласында осы аталған оқу орындары бар ма?
- Әрине бар. Мен өзім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студентімін.
- Ол қайда орналасқан?
- Ол Әл-Фараби даңғылы, 71 – үйде орналасқан.

В2 деңгейінде ол дискуссияға қатысу үшін лайықты сәтті таңдап, бұл үшін жағдаятқа дәлме-дәл тілдік құралдарды қолданып, айтылымның кезегіне қарай отырып әңгімені бастап, жалғастырып, аяқтай алуы керек, айтылымды ойластыру үшін уақытты ұтуға мүмкіндік беретін стандартты фразаларды қолдана алуы керек. (Мыс: «бұл өте қызық сұрақ екен»).

Елтанымдық диалогтардың ауқымы жоғары. Бастапқы деңгейде соның бір ғана түрі – узуалды-дәстүрлік түріне сипаттама беріп, оны лингвоелтанымдық ұстаным тұрғысынан түсіндіріліп, мағынасын, оған сәйкес белсенді коммуникативтік ұстаным болатыны айқындалғаны дұрыс. Узуалды-дәстүрлік термині тілдік мәліметтер мен дәстүрлік сипаттағы мәліметтер тығыз байланысқан мәтіндерге тән болып табылады. Узуалды фразалар дәстүрлік, салттық қағидалар бойынша беріледі. Демек, Е.М. Верещагин., В.Т. Костомаров бойынша айтсақ, узуалды-дәстүрлік мәтіндер дегеніміз – «бұл берілген сөйлеу жағдаяты үшін міндетті болып табылатын сөйлеу нормалары мен мінез-құлық нормаларының байланысуы» [5]. Узус ұғымы сөйлеу жағдаяты мен сөйлеу нысандарының арасындағы байланысты көрсету үшін қолданылады.

В2 деңгейі бойынша диалогтар елтанымдықтың узуальді-дәстүрлік түрі бойынша мақсат, міндеттерінің барлық нысандарымен жоғары деңгейде болады.

Мысалы:

- Си Не университетте кімдер оқиды?
- Университетте студенттер оқиды.
- Олар университетте қандай білім алады?
- Олар онда жоғары білім алады.
- Онда кімдер жұмыс істейді?
- Онда оқытушылар, әкімшілік қызметкерлері жұмыс істейді.
- Жоғары оқуды аяқтаған соң кім болып шығасың?
- Білікті маман болып шығамын.

Міне, осындай сөйлесулер шетелдік студенттердің сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді.

В2 деңгейінде шетелдік студент серіктесіне жағдаятқа қатысты қолданатын күрделі тілдік құралдарды ауыстыра отырып, өзінің айтылымын жеткізе білуі керек. Осы деңгейде шетелдік студент диалогтың қатысымда қолданылатын әлеуметтік-коммуникативтік күрделі түрлерінің қолданылуын меңгереді.

**Қорытынды.** Ұсынылған диалогтық дискурстардың негізінде шетелдік студенттер өз ойын жеткізе білуге немесе керісінше естіген хабардың құрылымын талдап түсіне білуді меңгереді. Шетелдік студент мұндай мақсатқа дискурстық құзыреттілікті қалыптастыра отырып қол жеткізсе ғана тілдік қарым-қатынасқа еркін түсе алатыны айқын. Мұнда грамматикалық тұрғыдан күрделі айтылымдар үстемірек болуы мүмкін. Шетелдік студенттер бұл диалогтарға қатыса отырып, серіктестерін түсініп қана қоймай, айтылған ойға сын көзбен қарау, талқылау, сонымен бірге өз айтылымын сенімді түрде құрастыру, серіктестің қате жерлерін айту, өз ойын дәлелдей алуға үйренеді. Диалогтық сөйлеуге қойылатын талаптың қарапайым деңгейден күрделі деңгейге қарай артуы, тілдік қатынастың күрделенуіне байланысты екені мәлім. Соған сәйкес диалог барысында дискурс құру, сөздердің орындарын еркін ауыстыру, құрастыру тетіктері дамытыла бастайды.

Көп деңгейлік меңгерудің негізгі бағыты – сөйлеудің ең қарапайым түрінен күрделі дәрежесіне дейін жету жолдары, яғни шетелдік студент өз интенциясын дайын үлгідегі

жекелеген сөздер мен сөз тіркестері арқылы айтудан бастап, өзі мәтін құрып, өз сөзімен белгілі бір тақырыпты кеңейтіп, дамытып айтуға дейін жеткізу болып табылады. Бұл арқылы шетелдік студенттің коммуникативтік құзыреті қалыптасады. Шетелдік студенттің тілдік қатынас барысындағы нақты бір жағдаятта нақты тақырып бойынша қазақ тілін дұрыс қолдана алу, коммуникативтік қарым-қатынаста ақпаратты алу мен ақпаратты беру үшін тілді жеткілікті дәрежеде қолдану алу секілді коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын коммуникативтік міндетер қатары қарастырылды.

Тіл меңгеруде ұлтаралық және мәдениетаралық қатысымды негізге ала отырып, тілдік қатысым барысында әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді сыйлап, құрметтеуге бағытталады. Тілді өзге тіл ретінде меңгерту нәтижелі болу үшін шарттардың бірі – ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшелікті есепке алу болып табылады. Лингвоелтану қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертуде шетелдік студенттердің қатысымдық құзіреттілігін қамтамасыз етеді. Әрі жалпы білім беру мен тіл меңгеру ісіндегі гуманитарлық мақсаттарға қол жеткізуге ұйытқы болады. Лингвоелтану тілді өзге тіл ретінде меңгеру арқылы үйреніп жатқан тіл халқының мәдениеті мен сол елдің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, өзіндік тілдік ерекшелігіне қатысты мәліметтерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер:

1. Sadenova A.E., Yesbulatova R. M. The role of the formation of lexical competence in intercultural communication. // Al-Farabi Kazakh national university Eurasian journal of Philology: Science and Education. – Almaty. – 2018. – Vol.2 (170). – P. 131-137.
2. Қүзекова З.С. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 307 б.
3. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи: пособие для учителей. – Киев: Род. Школа, 1989. – 156 с.
4. Формановская Н.И. О коммуникативно-семантических группах и интенциональной семантике их единиц // Языковое сообщение и его единицы. – Калинин, 1986. – С. 18-27.
5. Якобсон Р. В поисках сущности языка // Введение в языкознание. Хрестоматия для вузов. – М.: Академический проект, 2005. – 553 с.
6. Верещагин Е.М., Костомаров В.Т. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1990. – 246 с.
7. Сүлейменова Ә.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
8. Саденова А.Е., Мұсабекова Ұ.Е. Диалогтық дискурстың коммуникативті-интерактивтік табиғаты негізінде тіл меңгерту ерекшеліктері // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы ISSN 2707-9910 (print), ISSN 2788-7979 (online) Филология сериясы. № 3, – Көкшетау, 2021. – Б. 97-107.
9. Zhibek, I., Sadenova, A., Gulnaz, M., Shyryn, A., Gulnazyra, M. Formation of communicative competence of foreign university students through technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues, 2022, Scopus. 14(3), – P. 714–725. DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7277>
10. Sadenova, A.E., Orazakynkyzy, F., Anuar, S., Yesbulatova, R.M. Using innovative technologies in project method of teaching foreign language. Espacios, 2017, Scopus. 38(25).

**А.Е. САДЕНОВА, Б.М. АЙТБАЕВА**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**С.Е. КАРЫБАЕВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

### **ДИНАМИКА УРОВНЯ ДИАЛОГОВ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ**

**Аннотация.** В статье рассматривается динамика уровневое освоения диалогов при обучении казахскому языку иностранных студентов. Рассматриваются вопросы формирования речи иностранных студентов, изучающих казахский язык. Обсуждаются психологические вопросы обучения говорению. Уделяется внимание проблеме уровневое освоения диалогов и их компонентов между элементами, необходимыми для говорения. Поиск эффективных способов активизации речи иностранных студентов и скорейшего введения их в языковую среду является одним из основных направлений в изучении казахского языка как иностранного. Для разных этапов обучения даны различные методические рекомендации. Внимание уделяется не только лингвистическому аспекту произношения, но и содержанию. Для обучения говорению рекомендуется использовать наглядные пособия, диалоги, полилоги. Представленная в статье система упражнений способствует развитию устной речи. Здесь, прежде всего, развивается становление произношения, его коммуникативное значение, соответствие нормам языка. Обучение диалогу, с одной стороны, направлено на обучение поочередному обмену репликами, а с другой стороны, на ведение диалога, на участие в общении, в котором ситуация меняется.

**Ключевые слова:** речь, диалогический дискурс, уровневая динамика диалогов, мотивация, ситуация, диалог.

**A.E. SADENOVA, B.M. AITBAEVA,**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**S.E. KARYBAYEVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **DYNAMICS OF THE LEVEL OF DIALOGUES IN LANGUAGE TEACHING**

**Annotation.** The article considers the dynamics of the level mastering of dialogues in teaching the Kazakh language to foreign students. The issues of speech formation of foreign students studying the Kazakh language are considered. Psychological issues of teaching speaking will be discussed. Attention is paid to the problem of level mastering of dialogues and their components between the elements necessary for speaking. The search for effective ways to activate the speech of foreign students and their rapid introduction to the language environment is one of the main areas in studying Kazakh as a foreign language. Various methodological recommendations are given for different stages of training. Attention is paid not only to the linguistic aspect of pronunciation, but also to the content. For teaching speaking, it is recommended to use visual aids, dialogues, polylogues. The system of exercises presented in the article contributes to the development of oral speech. Here, first of all, the formation of pronunciation, its communicative meaning, compliance with the norms of the language develops. Teaching dialogue, on the one hand, is aimed at teaching the alternate exchange of remarks, and on the other hand, at conducting a dialogue, at participating in communication in which the situation changes.

**Keywords:** speech, dialogical discourse, level dynamics of dialogues, motivation, situation, dialogue.

### References:

1. Sadenova, A.E., R. M. Yesbulatova. The role of the formation of lexical competence in intercultural communication. // Al-Farabi Kazakh national university Eurasian journal of Philology: Science and Education. Vol.2 (170). – Almaty, 2018. – P. 131-137.
2. Kyzekova Z.S. Qazaq tili oqylygy teoriasynyń ekinshi lingvistikalyq negizderi: filol. dáriger ...dis.: 10.02.02. – Almaty, 2005. – 307 b.
3. Skalkin V. L. Obuchenie dialogicheskoy rechy: pocobie dla uchiteley. – Kiev: Rod. Zhkola, 1989. – 156 c.
4. Formanovskaya N.I.O Kommunikativno-semanticheskikh gruppah I intensionslnoy semantike ih edinic // Iazikovoe soobchenie I ego edinicy. – Kalinin, 1986. – С. 18-27.
5. Iakobson R. V poiskah suchnomy iazika // Vvedenie v iazikpznanie. Hrestomatia dla vuzov. – M.: akadnichesky proekt, 2005. – 553 c.
6. Verechagin E.M., Koctomarov V.T. Iazik I kultura: lingvostranovedenie v prepodavany russkogo iazika kak inostrannogo. 4-e izd., pererab. I dop. – M.: Nauka, 1990. – 246 c.
7. Súleimenova E.D., Shaimerdenova N.J., Smaǵulova J.S., Aqanova D.H. Áleymettik lingvika terminderiniń sózdigi. – Astana: Arman-PV, 2008. – 392 b.
8. Sadenova A.E., Musabekova U.E. Dialogtyq diskýrstyń kommýnikativti-interaktivtik tabıǵaty negizinde til meńgertý erekshelikteri // Sh. Yálıhanov atyndaǵy KÝ habarshysy ISSN 2707-9910 (print), ISSN 2788-7979 (online) Filologia seriasy. № 3, – Kókshetaý, 2021. – B. 97-107.
9. Zhibek, I., Sadenova, A., Gulnaz, M., ... Shyryn, A., Gulnazyra, M. Formation of communicative competence of foreign university students through technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues, 2022, 14(3), – P. 714–725. DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.727>
10. Sadenova, A.E., Orazakynkyzy, F., Anuar, S., Yesbulatova, R.M. Using innovative technologies in project method of teaching foreign language. Espacios, 2017, 38(25), 1.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Саденова Айгүл Ескермесқызы** – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Саденова Айгуль Ескермесовна** – доктор филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Sadenova Aigul Eskermeskyzy** – doctor of Philosophy, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Айтбаева Бахыт Манатқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Айтбаева Бахыт Манатовна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Aitbayeva Bakhyt Manatkyzy** – candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Қарыбаева Саягүл Елтайқызы** – филология ғылымының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Астана, Қазақстан.

**Қарыбаева Саягуль Елтаевна** – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Karybayeva Sayagul Eltaykyzy** – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.